

УДК 378
ББК 74.58
S81

Редакционная коллегия

Шакирова С.М. - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке

Сапаргалиев Д.Б. – PhD, зам. директора Управления по науке

Никифорова Н.В. - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

i – START. Предпринимательство: энергия молодых.

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

ISBN: 978-601-7021-36-8

УДК 378
ББК 74.58
S81

ISBN: 978-601-7021-36-8

ЖАҚСЫ СӨЗ ҮШІН – ЖАРТЫ ПАТШАЛЫҚ (ПОЛЦАРСТВА ЗА ПОЗИТИВНОЕ СЛОВО)

«Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді халқымыз. Яғни сөз - дәулеттің сыңары. Жарты байлық. Қалайша? «Сөз – байлық»? Өз мақаламызда біз осы құбылыстың сырын ашуға тырыстық.

Тіл мамандарының зерттеуінше, әрбір халық өз тілінде өз қалауларын бейнелейді. Яғни, әрбір адам тіл арқылы өз қалауын шындыққа балайды. Тілдесе отырып өздері аңдамай айналасына көтеріңкі көңіл-күй мен сенім сиялдайды. Осы құбылыс испан тілінде жақсы жазылған. Мысалы, қандай да бір мақаланы оқу барысында адамға дүниедегінің барлығы нашар немесе барлығы керемет болып көрінуі мүмкін. Оқырман оқи түскен сайын мәтіндердегі плюстер мен минустар өзара жойылып, алған ақпаратының сипаты нөлдік мәнге ие болады. Нәтижесінде барлығы жақсы да, жаман да емес мәнсіздікке айналады.

Алайда өмір санқырлы. Бір құбылыстан алуан сипат туындайды. Жоғарыда көрсетілгендей, мәтіндегі плюстер мен минустар өзара жойылып, алған ақпарат нөлдік мәнге, мәнсіздікке айнала беретін болса, өміріміз сүреңсіз болып кетер еді. Жанды жалықтыратын сұрқайлықтан сақтайтын – өз санамыз және тіліміз екенін ғылыми тәжірибелер көрсетіп берді. Осыны байқаған ғалымдар «адамның өз ойын көркем жеткізуі тіл арқылы байқалуы мүмкін» деген болжамға келді.

Сансыз зерттеулер нәтижесі жағымсыз сәттер мен қиын жағдайлардың өзінен жақсы сипат табуға тырысатындар ұзақ өмір сүретінін көрсетті. Бұл құбылыс «Полианна қағидасы» деп аталды. 1913 жылы жарық көрген Элеонор Портердің балаларға арналған кітабының бас кейіпкері Полианна деген жетім қыз қатал әпкесінің тәрбиесіне беріледі. Бірақ ол өзінің қиын тағдырына қарамастан кез-келген нәрседен бақыт пен шаттықты таба білуімен әпкесін таң қалдырады. Полианна басқа кейіпкерлерді де «бақыт» атты ойынға баулиды.

«Полианна қағидасымен» өмір сүрушілерді анықтау үшін арнайы тәжірибе өткізілген. Оған қатысушыларға: баяндалған жағымсыз оқиғаны жағымды түрде сипаттау тапсырылған.

Тәжірибенің мәні мынада. Сөздерді позитивті тұрғыдан бағалау барысында оқырман көңлінде нөлдік нәтиже емес, керісінше, жағымды эмоционалдық фон пайда болады. Бұл - кез келген тілдегі әдебиетті оқу барысында жағдай біз ойлағандай соншалықты нашар емес екендігін сездіретін көмескі ой тууы тиіс дегенді білдіреді.


Бұл жорамалды тәжірибе жүзінде тексеру ғана қалды. Айтуға оңай, әрине. Түрлі тілдердегі онмыңдаған сөздер жинақталып, жүз шақты сыналушыға ұсынылды.

Оларға бұл сөз «ұнай ма, жоқ па?» немесе өзіне «жағымды немесе жағымсыз екенін анықтап, алынған орташа бағалауларды бастапқы тілдегі мәтінмен бірге қою» ұсынылды. Бұл тәжірибені ғаламтор желісінің

көмегінсіз елестету мүмкін емес, әрине. Осы тұста Вермонт математиктері зерттеу тобын жинап, іске кірісіп, нәтижелерін PNAS-тағы өз мақалаларында жариялады.

Бір қызығы, жорамал абсолютті түрде дұрыс болып шықты! Зерттеу жүргізілген тілдерді эмоционалдық жағынан жіктегенде олардың көбінде позитивтілік басым екені анықталды. Сөздерді эмоционалдық тұрғыдан жіктегендегі нәтиже мынадай болып шықты [1]:

Тәжірибе нәтижесі бейнеленген сызбадағы көк түс - негативті бағалауды, сары түс – позитивтілікті, ал қызыл сызық – статистикалық орташа көрсеткішті бейнелейді. Көріп отырғанымыздай, барлық тілдердегі барлық мәліметтерде статистикалық орташа көрсеткіш позитивті аймақта белгіленген. Мұнымен біз өмірде жақсы сөздердің көп екенін дәлелдедік.




Бастапқыда алуан тілдегі эмоционалдық формалардың ұқсас болып келуі таңғаларлық көрінуі мүмкін. Ал шындап қарасақ, айтарлықтай таң қалатын дәнеңе жоқ. Себебі психология адам сөйлеуінде, тілде өз таңбасын қалдырып, мазмұндық сипатты құрайды. Ал халықтар алуан болғанмен, адам миының қалыптасуы ұқсас келеді.

Бірақ адамзатқа ортақ психологиядан басқа да факторлар бар. Бұл факторлар әр халықтың бірдей оқиғаны қаншалықты жақсы қырынан көру бейімділігімен анықталады. Осы айырмашылықтар жоғарыда берілген кестеде бейнеленген.

Позитивті аймақтың ең көп бөлігі испан тілінде байқалады (Мексика). Орыс тілі, француз тілімен қатар өтпелі позицияда. Ал рухы темірдей берік қытайлықтар өз-өздерін алдауға қарсы екен. Себебі қытайлықтарда позитивті аймақтың көрсеткіші ең минималды, төмен дәрежеде. Бұл дегеніміз қытайлықтардың жақсы және жаман сипатты сөздерді тең дәрежеде қолданатынын білдіреді. Яғни, барлық ұлттар ішіндегі реалистшіл - қытайлықтар екен. Неге «реалистшіл»? Себебі біз реалисттіліктің еш түсіндірмесіз не жақсы, не жаман бола алмайтынын түсінеміз. Реализм - анықтамасы бойынша нейтралды, себебі «реализм» жалғыз және оған жақсы не жаман деп баға беру артық. Қайғыдан, қиындықтан арылу үшін басқа нәрселерге қатысты олардың ашық-жарқын жақтарын іздеу туралы ойлар біздің сана деңгейімізден туады. Бұның себебі - біздің адами болмысымыз осындай.

Әр халықтың және жалпы адамзаттың психологиялық портретін жасау амалында вермонттық статистердің келтіргені ойынның бір нұсқасы ғана. Ал келесі ойын түрі бұдан да қызығырақ. Бұл ойында олар үш тілдегі, яғни орыс, ағылшын, француз тілдеріндегі кітаптарды алып, бірінші тәжірибедегі әдіспен олардағы «позитивтілік» деңгейін анықтайды. Зерттеу нәтижесінде, осы кітаптардың ішіндегі ең ашық-жарқыны ағылшын тіліндегі «Моби Дик» кітабы болып шығады. Позитивтілігі орташа кітап «Граф Монте-Кристо» болса, үшеуінің ішіндегі ең көңілсізі Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» кітабы деп анықталады. Екі кітаптың «эмоционалды фонның» өзгерісі мынадай картинаны берді [1]:



Эмоционалды шкаладағы өсім 0 мен 10 арасында болады, ал 5 деген баға нейтралдылықты білдіреді. Родион Раскольниковтың тарихы біздің ойымыздағыға қарамастан, айтарлықтай оптимистік сарыннан бастау алады. Қызық, мұны әдебиетшілер

Қазақ халқының Рулық-тайпалық жүйесі дүниеге деген базалық қатынасты, адам психикасының іргетасы болып табылатын маңызды сезімді - өмірдің позитивтілігі туралы сенімді қалыптастырушы. Жандүниемізді тыныштық пен қуаныш жайласа дүние де жарық. Ішкі дүние аласапыран болғанда айнала да күңгірттене, көмескілене түседі. Ал өмір - сәт сайынғы көңіл-күйіміздің жиынтығы. Адамның қандай дүниеде тіршілік кешерін анықтайтын - оның әлеуметтік ортасы. Индивидуализм идеясымен шегінен шыға әуейіленген батыстық әлем 20-ғасырда жеке-дара-жалпы категорияларының арақатынасын әлеуметтік тұрғыдан қайта қарап «индивидті» өз-өзіне тұйықталған монада ретінде қарастыруға болмайтындығын, «біз» категориясы - «мен» және «сеннің» алдында жүретін фундаменталды ұғым екендігін сенімді түрде тұжырымдады.

Раһат-ләззаттың ешқайсысы, мамандар пікірінше, адамның адаммен тілдесу раһатын алмастыра алмайды. Коммуникация – адам «менінің» өз-өзін іске асырылу саласы болғандықтан дүниедегі қатынастардың барлығынан жоғары тұр. Адам болмысы Ясперс «шекаралық жағдай» деп атаған күйлерде және қарым-қатынас барысында ашылады. Коммуникацияның негізгі құралы сөз, ал сөздің таситыны - ақпарат пен эмоция. Біз бір-бірімізбен сөз емес, эмоциялар деңгейінде қатынас жасаймыз. Сөз - әшекей, ал нағыз қатынас - сезімдер деңгейінде іске асады. Адам үшін эмоциялық азық - биологиялық қажеттілік. Адам суды, тағам және ауаны қалай қажет етсе, эмоционалдық байланысты соншалықты қажетсінеді. Толыққанды эмоционалды байланыс жоқ жерде адамда базалық қауіпсіздік сезімі қалыптаспайды. Адам үшін өзінің қалаулы да сыйлы екенін, қорған-тірегі барын сезіну өмірлік мәселе, тәндік саулық пен толыққанды тұлғаға айналудың басты алғышарты. Түрлі себептермен эмоционалдық байланыс үзілгенде олардың орнын құрғақ сөз бен мағынасыз ритуалдар басады. “Жүректен шықпаған жүрекке жетпейді” дейді Абай. “Адамға адам қонақ болмайды, көңілге көңіл қонақ болады” дейді қазақ. Нағыз, шынайы, эмоционалдық-психологиялық қауіпсіздікті сезіну күйіне жетпеген адам өз өмірінің барлық саласына толассыз еніп жататын үрей-қорқыныштың құшағында күн кешеді.

Адамның рухани саулығының негізін қалайтын, өзіндік сенім мен тұлғалық харизманың, ұлттық барабарлықтың базасы болып табылатын аса маңызды құбылыс психологияда «шартсыз маһаббат» деп аталады. Қарапайым тілде - «өзін бақытты сезіне білу» қабілеті. Алтын толы сандықтың үстінде отырмаса да, ішерге асы, киерге киімі болмаса да мойымау. Бұл ғажап сезім сәбилік кезеңде эмоционалдық өгейлік көрмеген, ана тілі арқылы ана маһаббатын сезімне алған балада ғана қалыптасатынын қазіргі заманғы зерттеулер анық көрсетіп отыр [2].

Түрлі себептерге байланысты ана мейірімінен мақрұм қалған адамның кейінгі, ересек өмірдегі серігі іштарлық, қызғаныш, алауыздық сияқты сезімдер болып, бүкіл әрекеттерінің негізінде жатады [3].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Все счастливые народы похожи друг на друга <http://snob.ru/selected/entry/87993>
2. Миллер А. Драма одаренного ребенка <http://psylib.org.ua/books/milla01/>
3. Абдраилова Г.З. Қазақ толеранттылығы - күшіміз бе, әлде, әлсіздігіміз бе? <http://www.abai.kz/content/gau-ar-abdrasilova-kazak-toleranttylygy-k-shimiz-be-elde-elsizdigimiz-be>